

5. Айшева Г.А., Габдуалиева Р.С., Казамбаева А.М. Структурный и динамический анализ развития отраслей экономики Казахстана в территориальном разрезе : информационный бюллетень / под ред. А. И. Гиззатовой. - Уральск : ЗКАТУ имени Жангир хана, 2013. - 33 с.

6. Менеджмент. [Электронный ресурс]. – режим доступа: [https://studbooks.net/1393341/menedzhment/programma\\_proizvodstv](https://studbooks.net/1393341/menedzhment/programma_proizvodstv).

### **ТҮЙІН**

Қазақстан аграрлық индустриалды республика болып табылады, онда халықтың негізгі бөлігінің тіршілік әрекеті ауыл шаруашылығы саласы болып табылады. Халықтың 40% көбі бүгінгі таңда ауылдық жерлерде тұрады, мұнда жұмыс істейтіндердің ғана емес, осы салаға байланысты кейбір адамдардың тұрмыс деңгейі ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына байланысты болып келеді. Сондықтан-да еліміздің барлық азаматтарының әл-ауқаты ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Дәнді дақылдардың едәуір аудандарында глютенді жоғары құрамы бар қатты бидай сорттары өндіріледі, әлемдік сауда нарығында мұндай бидай үлкен сұраныста. Қазақстанда мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының негізгі саласы болып табылады, мал шаруашылығы бүкіл халықты және жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуде.

### **RESUME**

Kazakhstan is an agrarian industrial republic, in which agriculture is the sphere of vital activity of the main part of the population. Forty-four percent of the population lives in rural areas today, and the standard of living not only of those who work here, but also those who are to some extent related to this sphere depends on the degree of development of agricultural production. The well-being of the majority of Kazakhstanis is closely related to the level of development of agricultural production. Mainly strong and hard wheat varieties with a high content of gluten are cultivated in grain-sowing areas, such wheat is in great demand on the world market. The traditional branch of agriculture in Kazakhstan is animal husbandry, it provides the population with food, and light industry with raw materials.

ӘОЖ 005.336.4

**Досанова А.К.**, экономика ғылымдарының магистрі

**Габбасова Ж.Ж.**, экономика ғылымдарының магистрі

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

#### **Аннотация**

XXI ғасырдың жоғары технологиялық өндірісі жағдайында адам капиталының зияткерлік құраушыларын өзектендіру процесі жүріп жатыр. Зияткерлік әлеует бүгінгі таңда түрлі ғылыми мектептердің зерттеулерінде адам капиталының негізгі компоненттерінің бірі ретінде белгіленген, ол оның шығармашылық еңбекке қабілеттілігінен ерекшеленіп, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін айқындайды. Олардың білімі, кәсіби тәжірибесі мен біліктілігі бар адамдар қоғамда қажетті оң өзгерістердің мүмкіндіктері мен шекараларын анықтайды. Бұл әсіресе әлеуметтік-экономикалық трансформация процесін бастан кешіріп жатқан Қазақстан экономикасы үшін маңызды.

Алайда, инновациялық экономикаға көшу шеңберінде Батыс Қазақстанның зияткерлік әлеуетін қалыптастыру, дамыту және пайдалану мәселелерін кешенді зерделеу бойынша зерттеулер әлі күнге дейін жүргізілген жоқ. Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысының зияткерлік әлеуетін қалпына келтіру мәселелерін анықтау және жағдайын бағалау үшін қазіргі қоғамның зияткерлік әлеуетін зерттеудің тұжырымдамалық негіздерін зерделеудің объективті қажеттілігі туындайды.

Мақала қазіргі экономиканың өзекті тақырыптарының біріне жазылған, себебі кәсіпорынның зияткерлік капиталының қалыптасуы мен өсуі жоғары экономикалық нәтижелерге алып келеді. Сонымен қатар қазіргі жағдайда зияткерлік әлеуетті қалыптастырудың ең қолайлы әдістерін таңдауда белгілі бір мәселелер де бар. Бұл мәселенің өзектілігін тағы да растайды.

**Түйін сөздер:** қоғам, интеллектуалды әлеует, білім, ғылым, техника, инновациялар.

Интеллектуалды әлеует – ҒТП мен қазіргі қоғамның тұрақты дамуының негізгі факторы және білім, ғылым, мәдениет жүйесінің даму деңгейімен, қоғамның генетикалық қорымен анықталады.

Ресей ғалымы, профессор В.Д.Базилевичтің қорытындысы бойынша: «Инновациялық экономиканың құрылуы қоғамның интеллектуалды әлеуетінің ұдайы өндірісі үшін жағдай жасау – дамыған елдердің экономикалық саясатының басым бағыты. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша ғалымдардың 95% жұмыс істейтін 20 елде жан басына шаққандағы табыс жыл сайын 200 долларға көбеюде, ғалымдардың 5% ғана жұмыс істейтін басқа елдерде өсім 10 АҚШ долларына ғана жоғарылап отыр».

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан халқына жолдауында Н.Назарбаев «Болашақтың экономикасын құру үшін негіз қалыптастыру, смарт-технологиялар сферасында құзыреттіліктерді, жасанды интеллектті, киберфизикалық жүйелердің интеграциясын, болашақтың энергиясын, жобалау мен инжинирингті дамыту маңызды. Бұған тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйені құру арқылы ғана қол жеткізуге болады» [1].

XXI ғасырдың жоғары технологиялы өндірісі жағдайында адам капиталының интеллектуалды құраушысын өзектендіру үдерісі жүріп жатырғаны белгілі. Бүгінгі таңда көптеген ғылыми мектептердің зерттеулерінде интеллектуалды әлеует адам капиталының шығармашылық еңбекке деген қабілетін көрсететін және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі компоненттердің бірі ретінде белгіленді. Адамдар ғана өз білімдерімен, кәсіби тәжірибелерімен және біліктіліктерімен қоғамға қажетті оң өзгерістердің мүмкіндіктері мен шегін анықтайды. Бұл әлеуметтік-экономикалық трансформация үдерісін бастан кешіріп отырған қазақстандық экономика үшін неғұрлым маңызды.

Әлемдік экономиканың дамудың жаңа кезеңіне өтуіне орай бәсекелестік пен халықаралық интеграцияның күшеюі жағдайында басымдықтар өзгереді және адам капиталының мүмкіндіктерін қайта бағалау жүргізіледі. Жоғары интеллектімен ғылымды қажетсінетін, инновациялық экономикамен байланысты сапалы ресурстар, адами капиталдың резервтері алдыңғы орынға шығады.

Нәтижесінде адам капиталының және қазақстандық қоғамның интеллектуалды әлеуетінің өзара байланысы көрсетілген логикалық тізбек қалыптасады (1 сурет).



1 сурет - Адам капиталы мен қазақстандық қоғамның интеллектуалды әлеуетінің өзара байланысы

Қоғамның интеллектуалды әлеуетінің ұдайы өндірісі туралы ғылыми көзқарасты қалыптастыруда экономикалық ғылымға П.Друкер, М.Портер, Й.Шумпетер және басқалары үлкен үлес қосты. Қазақстанның интеллектуалды әлеуетін белсенді қалыптастырудың қажеттілігі сонымен қатар О.Сабден, А.Кошанов, Р.Алшанов және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде де айтылады [3].

Алайда инновациялық экономикаға көшу аясында Батыс Қазақстанның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру, дамыту және пайдалану мәселелерін кешенді қарастыру бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ. Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысының интеллектуалды әлеуетінің ұдайы өндірісінің жай-күйі мен мәселелерін бағалау үшін қоғамның интеллектуалды әлеуетін зерттеудің концептуалдық негіздерін меңгеру қажеттігі пайда болады.

Мақалада аймақтың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың теориялық аспектілерін зерттеу, «интеллект» пен «интеллектуалды әлеует» категорияларының мазмұнын және қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесіндегі олардың ролін жалпылау нәтижелері баяндалған.

Қоғамның интеллектуалды әлеуетін ұдайы өндіру (жинақтау) көздері болып білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, ақпараттық қызмет көрсету, мәдениет, техника және өнер сфералары табылады. «Интеллектуалды әлеует» теориясының алғашқы элементтері XVIII – XIX ғасырларда пайда болды және келесі пайымдауларға негізделді: адамның тәрбиесі мен білімінің құны нақты шығындарды туындатады; білімді адамның еңбегі білімсіз адамның еңбегіне қарағанда неғұрлым өнімді, сәйкесінше, білімге жұмсалатын шығындар ұлттық байлықты көбейтеді [4].

Интеллектуалды әлеует тұжырымдамасын қалыптастырудың теориялық алғышарттары XX ғасырдың аяғында қалыптасты. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде келесідей көзқарастар берілген [5]:

- адамның интеллектуалды мүмкіндіктері экономикалық өсудің шешуші факторы болады, ғылыми-техникалық революция еңбектің мазмұнын, адамның тиімді іс-қызметінің шарты мен факторларын өзгертеді;

- адамның білімі, қабілеттері мен дағдылары өндірістің материалдық-мүліктік құралдары сияқты капиталдың ерекше нысаны болып танылды, олардың қалыптасуы адамның өзінен де, жалпы қоғамнан да белгілі және едәуір маңызды шығындарды талап етеді, және олар мүліктік капитал сияқты өз иесіне неғұрлым жоғары табыс табуды қамтамасыз етеді.

Интеллект – бұл:

- 1) мәселені шешу, қағидаларды қолдану, қорытындылар жасау және қатынастарды түсіну қабілеті;

- 2) ойлау қабілеті, адамның ақыл-ой бастамасы;

- 3) белгілі бір контекстте және анықталған құралдардың көмегімен абстракталы ойлау және логикалық пайымдау қабілеті [6];

- 4) жаңа білімді, ақпаратты игеру қабілеті және оларды ғылым мен мәдениетті дамыту және жаңа техниканы жасау мен ендіру үшін, қоғамдық өмір сфераларында тиімді шешімдер әзірлеу үшін пайдалану қабілеті.

Бұл анықтамаларды жалпылай келе, қоғам интеллекті – бұл адамдардың қабілеттері мен шығармашылық дарынының жиынтығы, қоғамдағы оң өзгерістердің қозғаушы күші болып табылатын олардың білімділік – біліктілік деңгейі.

М.Армстронгтің пайымдауы бойынша интеллектуалды капитал – бұл ұйымның бәсекелік артықшылығының көзі және ұйым үшін пайдалы білімнің қоры мен қозғалысынан тұрады. Бұл білімдерді материалдық ресурстармен (ақша және мүлік) бірге кәсіпорынның жалпы құнын құрайтын материалдық емес ресурстар ретінде қарастыруға болады. Интеллектуалды капиталдың құраушылары болып келесілер табылады:

- Адами капитал – ұйым қызметкерлерінің білімдері, қабілеттері мен мүмкіндіктері;

- Әлеуметтік капитал – ұйымның ішкі және сыртқы өзара қарым-қатынастарының желісі арқасында пайда болатын білімдердің қоры мен жылжуы;

- Ұйымдық капитал – ұйымда бар және деректер базаларында, нұсқаулықтарда және т.б. сақталатын институциаландырылған білім.

XXI ғасырдың басында қазіргі экономикалық ғылымда және тәжірибеде қоғамның экономикалық әлеуетінің элементтерінің бірі ретінде «қоғамның интеллектуалды әлеуеті»

категориясы жиі қолданылуда. Бұл категория экономикалық ғылымдардың ғылыми лексиконына еруге құқылы, себебі, біріншіден, елді басқа елдердің интеллектуалды дамуының жолдарымен және қарқынымен салыстыру үшін қажет, және, екіншіден, елдің интеллектуалды әлеуетінің жай-күйі мен даму қарқынын аймақтық аспектіде анықтау үшін қажет.

Қоғамның интеллектуалды әлеуеті – бұл:

- тұрғындардың білімдері мен шығармашылық қабілеттері, білім жүйесі, ғылым, компьютерлік қамтамасыз ету, байланыс, кітапхана және интеллектуалды меншік (патенттер, лицензиялар, ноу-хау) және т.б.

- тұрғындардың білім деңгейі, өндірістік сфералар мен өндірістік емес салалардағы интеллектуалды еңбектің көлемі, қоғамның білім сомасы және тұрғындар құрылымындағы ой еңбегі қызметкерлерінің үлес салмағы;

- елдің, саланың, тұлғаның интеллектуалды, шығармашылық мүмкіндіктерін, ресурстарды дамыту деңгейін кешенді бағалау және қоғамның, білім жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің даму деңгейімен және қоғамның генетикалық қорымен анықталады [7];

- қоғамның интеллектуалды өмірінің өзара тығыз байланысты екі маңызды саласы – ғылым мен білімге қатысты адами, материалдық және қаржылық ресурстардың жиынтығы.

Осы түсініктерді жалпылай келе проф.Базилевич былай деп жазады: «ғылыми зерттеулер үдерісінде қоғамның интеллектуалды әлеуеті елдің даму деңгейін анықтайтын келесі элементтер бойынша талдануы тиіс»:

- адами әлеует (денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет, өнер, жұмыспен қамту, демография);

- ұйымдық әлеует (білім мен ғылымның инфрақұрылымы, магистранттардың, PhD докторлардың, ғылым кандидаттары мен докторларының саны, ғылым мен білімді қаржыландыру, заңдылық);

- ақпараттық әлеует (білім, ақпараттық-коммуникативті технологиялар);

- халықаралық әлеует (аймақтың имиджі, шет елдермен байланыстар);

- үдерістік әлеует (экономика, өндіріс, менеджмент және т.б. салалардағы заманауи технологиялар);

- құрылымдық әлеует (экономика мен қоғамның құрылымы);

- инновациялық әлеует (қолданбалы ҒЗЖ бағыттары, оларды қаржыландыру, инновациялар, жоғары технологиялы өндірісті дамыту);

- бәсекеге қабілеттілік әлеует (нарықтармен байланыс).

Қоғамның интеллектуалды әлеуетінің қалыптасуы мен қарқынды дамуына сондай-ақ келесі факторлар әсер етеді:

- табиғи (адамдардың шығармашылық қабілеттері, тұрғындардың денсаулығы, демографиялық жағдай, қоршаған ортаның жай-күйі);

- макроэкономикалық (мемлекеттік демографиялық саясат, жұмыспен қамту саясаты, еңбек әлеуетінің жай-күйі, білім мен ғылымды қаржыландыру, жан басына шаққандағы ұлттық кірістің көлемі, әлеуметтік қорғау жүйесі);

- микроэкономикалық (интеллектуалды өнімдер нарығындағы баға белгілеу механизмі, кәсіпорынның инновациялық және амортизациялық саясаты, интеллектуалды іс-қызмет сферасындағы еңбек ақы төлеу жүйесі және т.б.);

- институционалды (интеллектуалды іс-қызметті заңдық реттеу жүйесі және интеллектуалды меншік объектілерін қорғау механизмі).

Осылайша, қоғамның интеллектуалды әлеуеті – интегралды түсінік және жалпылама түрде қазіргі қоғамның интеллектуалды өмірінің әр түрлі өзара байланысты салаларының, соның ішінде – білім беру, ғылым, мәдениет, ақпараттандыру, техника жүйелерінің даму деңгейлерін бейнелейді және оларды үздіксіз жаңғырту негізінде елдің, аймақтың, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялық даму деңгейін анықтайды.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ақтөбе гарнизонының әскери соты. - [Электронды ресурс] – қатынасу режимі: <https://askeri.sud.kz/kaz/sub/akt/1243>.

2. Базилевич В.Д. Экономическая теория. Политэкономия. - М. : Рыбари; К.: 2009. - 870 с.

2. Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» от 30 ноября 2015 г. // Казахстанская правда. - 2015. – 1 декабря.

3. Сабден О. Стратегия развития глобальной инновационной экономики в XXI веке // Казахстанская правда. – 2014. – 17 ноября.

4. Леонидова Г. В. Основные направления оценки интеллектуального потенциала // Федерализм. - 2011. - № 2. - С. 69-80.

5. Журавлев В.А. Интеллектуальный потенциал креативного общества – элементы и характеристика // Креативная экономика. – 2009. - № 9. – С. 3-14.

6. Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами. – СПб.: Питер, 2004. – 832 с.

### **РЕЗЮМЕ**

В условиях научного прогресса все более важным и актуальным становится процесс актуализации интеллектуальной составляющей человеческого капитала. Интеллектуальный потенциал при проведении различного рода исследований, определяется как один из основных компонентов человеческого капитала, и это отличает его способности к творческому труду и определяет конкурентоспособность экономики нашей страны. Именно люди с их образованием, опытом работы и полученной квалификацией определяют возможности и границы необходимых перемен в обществе. И поэтому это считается особенно важным для нашей экономики, которая на данный момент переживает процесс социально-экономических реформ. Однако, исследований в направлении комплексного изучения проблем формирования, развития и использования интеллектуального потенциала Западно-Казахстанской области в рамках перехода к инновационной экономике, до сих пор не проводилось. В связи с этим возникает объективная необходимость изучения концептуальных основ исследования интеллектуального потенциала современного общества для проведения анализа и оценки современного состояния и выявления проблем воспроизводства интеллектуального потенциала Западно-Казахстанской области.

Статья написана на одну из актуальных тем современной экономики, так как формирование и рост интеллектуального капитала предприятия ведет к высоким экономическим результатам. В то же время имеются и определенные проблемы в выборе наиболее приемлемых методов формирования интеллектуального потенциала в современных условиях. Это еще раз подтверждает актуальность данной проблемы.

### **RESUME**

In the conditions of high-tech production of the XXI century there is a process of actualization of the intellectual component of human capital. Intellectual potential today in the research of various scientific schools is designated as one of the main components of human capital, which distinguishes its ability to work creatively and determines the competitiveness of the national economy. It is the people with their education, professional experience and qualifications who determine the opportunities and limits of the necessary positive changes in society. This is all the more important for Kazakhstan's economy, which is undergoing a process of socio-economic transformations.

However, research on the integrated study of the problems of formation, development and use of the intellectual potential of Western Kazakhstan in the transition to an innovative economy, has not yet been conducted. In this regard, there is an objective need to study the conceptual foundations of the study of the intellectual potential of modern society for the subsequent assessment of the state and identify the problems of reproduction of the intellectual potential of the West Kazakhstan region.

The article is written on one of the topical issues of the modern economy, as the formation and growth of the intellectual capital of the enterprise leads to high economic results. At the same time, there are certain problems in choosing the most appropriate methods of intellectual potential formation in modern conditions. This once again confirms the relevance of this problem.